Жалғасатын қызметтен салық салудан кейінгі пайда (залал) (баған 100 – баған 101)	200	(1 309 011)	(3 789 450)
Тоқтатылған қызметтен салық салудан кейінгі пайда (залал)	201		
Бір жылдық пайда (баған 200 + баған 201):	300	(1 309 011)	(3 789 450)
Бас ұйымдардың меншіктенушілерінің үлесі			-
Бақылай алмайтын меншіктенушілердің үлесі			-
Өзге жиынтық пайда, барлығы (бағандар сомасы 410-нан 420-ға дейін):	400	(1 616)	4 821 402
соның ішінде:			-
Негізгі қаражаттарды қайта бағалау	410		6 045 550
Артқа қалдырылған кіріс салығының қайта бағалау резервіне тигізетін әсері	411		(1 209 110)
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен қызметтердің өзге жиынтық пайдасының (залал) үлесі	412	-	-



Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания

«Самұрық-Энерго» АҚ холдингінің құрамындағы акционерлік қоғам

Көрсеткіштердің атауы	Баған коды	Есеп беру кезеңіне	Өткен кезеңге
Зейнетақылық міндеттер бойынша актуарлық пайдалар (залалдар)	413	(1 616)	(15 038)
Еншілес ұйымдардың артқа қалдырылған салығына кіріс салығы мөлшерлемесіндегі өзгерістер әсері	414	-	-
Ақша ағымын хеджерлеу	415	-	-
Шет ел ұйымдарына инвестициялар бойынша курстық айырмашылық	416	-	-
Шет ел ұйымдарына таза инвестицияларды хеджерлеу	417	-	-
Өзге жиынтық пайданың өзге құрамдары	418	-	-
Пайда (залал) құрамында реклассификация кезінде түзету	419	-	-
Өзге жиынтық пайда құрамдарының салықтық эффекті	420	-	-
Жалпы жиынтық пайда (баған 300 + баған 400)	500	(1 310 627)	1 031 952



8.1. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

2016 есеп жылында «ШҚ АЭК» АҚ өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау деңгейін күшейту бойынша және қызметкерлермен жұмыс жасауда маңызды жұмыстарды атқарды. Компанияның өндірістік қызметкерлері жаңа технологиялар мен материалдарды қолданумен жасалған заманауи жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен, өрт сөндіру құралдарымен, медициналық дәрі қоралдарымен, қауіпсіздік плакаттарымен, ыңғайлы және сапалы арнайы киім және аяқ киіммен толығымен жабдықталған.

Кәсіпорын денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі жағдайына бақылау жасайды. Денсаулықты қорғауға және еңбек қауіпсіздігіне елеулі әсерін тигізетін операциялық қызметтің маңызды сипаттамалары өлшенеді, осы мониторинг және өлшеу КН 01-04 «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша үш сатылы бақылау» талаптарына сәйкес және еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жағдайын және энергия объектілерінде өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қорытынды бұйрықтар шығару арқылы Кәсіпорынның әрбір құрылымдық бөлімшесінде ҚТ күні ай сайын өткізіледі.

2016 жылы еңбек шарттары бойынша өндірістік объектілерді кезекті аттестаттаудан өткізу жүргізілді. Барлығы 1313 жұмыс орны, оның ішінде зиянды еңбек жағдайларында 313 жұмыс орны аттестатталды. Жұмыс орындарын қайтадан жабдықтау жөніндегі арнайы іс-шаралар қажет емес. Зиянды еңбек шарттарында қызмет көрсетуші жұмысшыларға арналған жеңілдіктер мен кепілдіктерге қатысты ЗҚНҚ талаптары толығымен орындалуда.

«Электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік ережелерін білуіне біліктілік тексеру жүргізу ережелерінің» негізінде «ШҚ АЭК» АҚ-да бекітілген кесте бойынша барлық өндірістік қызметкерлердің білімін біліктілікке тексеру жүргізіледі. 2016 жылы «ШҚ АЭК» АҚ тұрақты әрекет ететін комиссиясында (Кәсіпорынның Орталық ТӘК, АЭЖ/аймақтар/техникалық басқармалар құрылымдық бөлімшелерінің ТӘК), білімін біліктілікке тексеруден – 3114 адам өтті.



Сондай-ақ ҚТ кабинеттерінде жаңадан қабылданған және іссапарға жіберілген қызметкерлерге, сонымен қатар тәжірибеден өтетін студенттерге кіріспе нұсқамалар жүргізіледі.

Халықпен электр тоғымен зақымдану қаупі туралы жұмыс жүргізіледі. Мектептерде әңгімелесулер жүргізіледі, БАҚ-да балалардың электрмен жарақаттануын болдырмау жөніндегі жарияланымдар бар. 2016 жылы АЭЖ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, СБЖЕҚБ инженерлерімен мектептер мен лицейлерде электр қауіпсіздігі бойынша 167 сабақ жүргізілді. 2016 жылдың ішінде электр беріліс желілері және электр қондырғылары маңында өзін-өзі ұстау ережелері туралы ақпарат келесі БАҚ берілді:

- газеттер: «Мой город», «Устинка», «Спектр», «Заря Востока»;
- теледидар: ТВК-6, «Қазақстан-Семей»;
- радиостанциялар: Радио 7.

«Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу ережелеріне» сәйкес барлық басшылық құрам қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелері бойынша мерзімді оқытудан өтеді. Сондай-ақ, техникалық өрт жөнінде білім алу және тереңдету мақсатында компания қызметкерлеріне бекітілген бағдарлама бойынша техникалық-өрт минимумы өткізілді.

2016 жылы «ШҚ АЭК» АҚ қызметкерлерімен 2 жазатайым оқиға болып өтті. Барлық болған жазатайым оқиғалар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 37-бабының талаптарына сәйкес тергеулер жүргізілді. Жазатайым оқиғалардың пайда болу себептері анықталып, соған ұқсас оқиғаларды болдырмауға бағытталған түзетуші әрекеттер әзірленіп орындалды.

Бұнымен қатар, «ШҚ АЭК» АҚ-да 17-06 «Мердігерлік ұйымдар» Кәсіпорын Нұсқаулығы бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

Құрылыс-монтаждау ұйымдарының қызметкерлеріне (бұдан әрі – ҚМҰ) «ШҚ АЭК» АҚ электр қондырғыларында жұмыс жасауға рұқсат беру ҚР ЭМ 31.03.2015 жылғы №253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерінің 491-506 аралығындағы тармақтарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.



2003 – 2016 жж. өндірістік жарақаттану динамикасы





Еңбекті қорғауға жұмсалған шығындар, мың теңге

Атауы	2012	2013	2014	2015	2016
БАРЛЫҒЫ:	92 723	122 130	153 043	145 157	184 414
Материалдар: с.і	60 764	69 697	86 016	78 698	112 275
Жұғыш заттар, дәрі-дәрмектер	2 119	3 420	3 693	3 606	6 020
Арнайы киім, аяқ киім	34 700	33 798	41 768	45 238	52 749
Арнайы тамақ, сүт	1 789	2 566	3 274	3 387	2 738
Техникалық әдебиет, стендтер, плакаттар, бланкілер	2 116	2 767	3 523	3 451	3 634
Жеке қорғау заттары	15 368	17 008	19 849	12 541	24 188
Өзге материалдар	3 150	2 454	4 144	3 298	5 020
Құрал-саймандар	1 504	3 262	7 252	3 883	12 177
Еңбекті қорғау бойынша өзге шығындар: с.і.	31 959	52 433	67 028	51 713	72 140
Жылдық медициналық тексеру	7 805	10 210	13 114	14 746	16 294
Ауысымалды медициналық куәландыру	23 973	37 535	41 892	35 043	36 317

8.2. Қоршаған ортаны қорғау

Өндірістік объектілердің санитарлық жіктемесіне сәйкес «ШҚ АЭК» АҚ қауіптіліктің 5 класына және сәйкесінше қоршаған ортаға тигізетін әсерді бағалау объектілерінің жіктемесі бойынша 4 санатқа жатады.

«ШҚ АЭК» АҚ ISO 14001:2004 «Экологиялық менеджментінің жүйесі» бойынша сертификатталған.

Ластағыш заттардың шығарылулары «Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алуға» сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның бүкіл өндірістік алаңдарында түгендеу қорытындысы бойынша атмосфераға ластағыш заттардың шығарылуының 416 көзі бар, оның ішінде :

- 112 ұйымдастырылған шығарылу көздері;
- 304 - ұйымдастырылмаған шығарылу көздері.

Шашырауды есептеуге сәйкес, «ШҚ АЭК» АҚ атмосфера ауасының ластануына жалпы қосатын үлесі көп емес, осыған байланысты атмосфераны ластайтын заттардың шығарылуларын төмендету бойынша іс-шараларды әзірлеу қажет емес.



Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметі үдерісінде 2016 жылы ұйымдастырылған ластану көздерінен атмосфера ауасына ластайтын заттардың шығарылуларының мөлшерден тыс асуы байқалмаған. Атмосфера ауасына ластайтын заттардың нақты барлық шығарылулары 2016 жылға 23,839 т/ жылына құрады, оның ішінде: қатты –3,620 т/жылына, газды және сұйық – 20,2019 т/ жылына, бұл орнатылған жалпы лимиттен – 25,053 т/жылына аспайды.

«ШҚ АЭК» АҚ бойынша қоршаған ортаның өндірістік мониторингісі 2016 жылы «2014-2018 жж. кезеңге Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына» сәйкес толық көлемде орындалды.

Кәсіпорынның санитарлық-қорғаныс аймағы шекарасында ластайтын заттардың шығарылулары бойынша нақты деңгейі максималды бір реттік және тәуліктік орташа мөлшерден аспағаны анықталған.

2016 жылға Левобережный АЭЖ және Өскемен АЭЖ алаңдары бойынша санитарлық-қорғаныс аймағын көркейту және көгалдандыру жобасы әзірленді.

Кәсіпорынның жерасты суды пайдалануы 50 м³/тәул. дейін құрайды, жерасты суы шаруашылық асқа пайдалану және техникалық мақсаттарда қолданылады. Кәсіпорын бөлімшелерінде пайдаланылатын жерасты суын есепке алуға тиісті «Есепке алу журналында» жүргізіледі. ҚР Су кодексінің 66 бабына сәйкес суды 50 м³/тәул. дейін пайдаланған жағдайда арнайы рұқсат алудың қажеті жоқ.

2016 жылы жерасты суы Семей, Глубокое, Таврия, Күршім және Катон-Қарағай АЭЖ ұңғымаларынан алынды. Жерасты суының мониторингісінің қорытындысы бойынша судың сапасы талаптарға сәйкес келеді.

«ШҚ АЭК» АҚ ақаба суларды табиғи су объектілеріне және жергілікті жердің бедеріне шығармайды. Ақаба суларды шығару қалалық (кент) кәріз жүйелерінде іске асырылады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары Кәсіпорынның өндірістік алаңшалары аймағында уақытша орналастыруды және сақтауды қажет етеді. Өндірістік алаңшалардағы өндіріс қалдықтары саңылаусыз металл контейнерлерде жиналады, контейнерлер қалдықтардың әр түрлері бойынша таңбаланған. Мөлшеріне қарай жиналған қалдықтар Қала және ауыл әкімдігімен бөлінген қаланың және ауылдың қоқыс тастайтын жерлеріне шығарылады. ҚР экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес Кәсіпорында қалдықтар төлқұжаты әзірленген, ҚР қоршаған ортаны қорғау министрінің 31.05.07ж. №169-п бұйрығымен бекітілген Қалдықтар сыныптаушысымен сәйкес кодтама жүргізілген.

ҚО өткізілген талдаулары мен мониторингісінің негізінде ИСО ХС 14001 талаптарына сәйкес жұмыс істеп тұрған Экологиялық менеджмент жүйесі Кәсіпорынның жұмыс тәртібіне сай және нәтижелі түрде қолданылады.

ҚОҚ және табиғатты ұтымды пайдалануды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өткізілетін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар жалпы орнатылған нормаларға, ережелерге, нұсқауларға және стандарттарға сәйкес келеді.

8.3. Қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі және әлеуметтік саясат

Әлеуметтік тұрақтылық кадрлар құрамының тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі. Тұрақтылық және қызметкерлердің біліктілік әлеуеті көбінесе кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын айқындайды.

Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін «ШҚ АЭК» АҚ келесі іс-шараларды жүзеге асыру қарастырылған:

- Еңбекақы деңгейін арттыру;



Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания

«Самұрық-Энерго» АҚ холдингінің құрамындағы акционерлік қоғам

- Қоғам жұмысшыларына әлеуметтік қолдау көрсету;
- Қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету;
- Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы біліктілігін

арттыру.

Кәсіпорынның штаттық саны 3 129 бірлік санында бекітілді, соның ішінде әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер – 135, өндірістік қызметкерлер – 2994.

2016 жылғы 1 қаңтарға кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 3135 адамды құрады, іс жүзінде – 3059 адам. 2016 жылғы 31 желтоқсанға кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 3078 адамды құрады, ӘБҚ тізімдік саны – 143 адам, ӨҚ – 2935. Қызметкерлердің нақты саны – 3005 адам, ӘБҚ – 128, ӨҚ – 2877.

2016 жылға орташа тізімдік сан – 3098, олардан ӘБҚ – 143, ӨҚ – 2955.

2016 жылы қызметкерлердің еңбекақыларын 7%-ға индексациялау (көтеру) жүргізілді. Орташа еңбекақы кәсіпорын бойынша 2015 жылы 99 138 теңгені, 2016 жылы – 112 007 теңгені құрады.

Кадрлардың тұрақтамауы 2015 жылы – 13,73%, 2016 жылы – 11,81% құрады. 2016 жылы кадрлардың тұрақтамауы 1,92%-ға төмендеді.

«ШҚ АЭК» АҚ қызметкерлері

Жасы	Саны, адам			жалпы тізімдік санынан %		
	барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде	
		еркектер	әйелдер		еркектер	әйелдер
24 жасқа дейін	300	254	46	9,7	8,3	1,5
25–29 жас	463	340	123	15	11	4
30–49 жас	1443	1075	368	46,9	34,9	12
50 жас және одан жоғары	872	703	169	28,3	22,8	5,5
Барлығы:	3078	2372	706	100	77,1	22,9



«ШҚ АЭК» АҚ кәсіптік даярлау жүйесі Қоғамның талаптарына және оның корпоративтік мәдениетіне сәйкестендірілген. Қызметкерлерді дамыту аясында 2016 жылы қызметтің келесі негізгі бағыттары анықталды:

- Міндетті оқыту (қызметкерлерді өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес оқыту);
- Қоғамның бизнес-қажеттілігіне қарай оқыту (жаңа технологиялар, бейінді конференцияларға, заңнамадағы және нормативтік негіздегі өзгерістер бойынша семинарларға қатысу бағыттары бойынша қызметкерлердің кәсіби білімі мен дағдысын дамыту);
- Басқа оқытулар (ішкі корпоративтік оқыту жүйесі аясында басқарушылық білімі мен дағдысын дамыту);
- Кадрлар қорын жасау және дамыту;
- Жас мамандармен жұмыс жасау.

«ШҚ АЭК» АҚ кадрларын даярлау және біліктілігін арттыру есеп беру кезеңінде кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі жоспарға сәйкес жүргізілді.

Даярлау, қайта даярлау және біліктілік шығындары 2016 жылы 30 935 мың теңгені құрады, олардан ӘБК – 5 317 мың теңге, ӨҚ – 25 618 мың теңге.

Қызметкерлерді оқыту келесі бағыттар бойынша өткізілді:

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында оқыту;
- Инженерлік-техникалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оқыту;
- Әкімшілік-басқарушылық қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- Техникалық оқу және жұмыс қызметкерлерін аттестаттау.

2016 жылы шамамен 593 адам «Қазақстан Республикасының «Өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» заңы, «Қауіпті өндірістік факторлармен байланысты өндірістегі жазатайым оқиғалар», «ЖКМ қолданумен жұмыстарды жүргізу кезіндегі дыбыстық дабылдама», «ЖКМ және қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды қолданумен жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы» бағдарламалары бойынша техникалық оқулардан өтті.

Сондай-ақ, 2016 жылы 2 283 мың теңге сомасына оқу демалыстарын төлеу жүргізілді.

Жұмысшыға еңбекақы және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, еңбек және ұжымдық шарттармен, жұмыс берушінің актілерімен қарастырылған басқа төлемдер уақтылы және толық мөлшерде төленеді.

Барлық қызметкерлер толық мөлшерлемеді және белгісіз мерзімге жасалған еңбек шарттары талаптарында жұмыс істейді. Толық мөлшерлемеді жұмыс істейтін қызметкерлердің жоғары деңгейі жұмыс күшінің тиімді пайдалануын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын сақтаудан басқа, адам құқықтары саласындағы негізге алынатын қағидаттар мен талаптар нормативтік құжаттарда бекітілген: Кадр саясаты, Іскерлік әдебінің кодексі, Ішкі еңбек тәртібінің ережелері, Жеке еңбек даулары бойынша келісім комиссиясы туралы ереже және тағы басқалар.

Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер кешені Жұмысшылар мен Жұмыс берушінің Ұжымдық шартында бекітілген және келесі бағыттарды қамтиды:

- Ерікті түрдегі медициналық сақтандыру бағдарламасы.
- Кәсіптік тексеру нәтижелері бойынша қауіп тобына түскен қызметкерлерді оңалту-қалпына келтіру емдеу бағдарламасы, ол шипажайлар мен емдеу-сауықтыру орындарында көрсетілген қызметтерді жартылай өтеуді өзіне қамтиды.
- Қызметкерлерді мерзімді және ауысымалды медициналық тексеруді жүзеге асыру және өткізу.



9. ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ, МИССИЯ, КӨРУ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Экономиканың тұрақты даму тұжырымдамасы маңызды орын алады. Тұрақты даму табиғи ресурстарды пайдалану, инвестицияларды бағыттау, ғылыми-техникалық дамуды бағдарлау, тұлғаны дамытуды қамтитын сапалы өзгерістер үдерісі болып көрінеді және институционалдық өзгерістер бір-бірімен өзара тәуелділікте және бірін-бірі толықтыруда болып, адамдар қажеттіліктерін қанағаттандыру әлеуетін нығайтуға ат салысады. Экономиканың бастапқы буынын, кәсіпорынның тұрақты дамуын басқару Қазақстанның тұрақты даму стратегиясының негізі болып табылады.

ҚР Үкіметі электр қуаттылығының орталықтандырылған сауда нарығын енгізумен, электр энергиясын орталықтандырылған және орталықсыздандырылған сауда нарығы мен нарықтарын теңгеруші Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамыту Тұжырымдамасын қабылдады. Қойылған міндеттерді орындау үшін «Самұрық-Энерго» АҚ бас компаниясымен РСМ-01-01-16 тұрақты даму саласындағы Нұсқаулық әзірленіп бекітілді («Самұрық-Энерго» АҚ ДК 12.12.2016 жылғы № 11/16 шешімімен бекітілді), оның аясында еншілес және тәуелді ұйымдардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі бөлім қарастырылған. Тұрақты даму саласындағы Нұсқаулық «Самұрық-Энерго» АҚ барлық ЕТҰ үшін бірдей болады.

Миссия:

Желілерді және инфрақұрылымды дамыту арқылы электр энергиясын беруді сенімді және сапалы ұзақ мерзімді қамтамасыз ету.

Көру:

Қазақстан Республикасындағы жетекші бәсекеге қабілетті энергия беруші Компания, техникалық жарактандыру саласындағы әлемдік стандарттар талаптарына сай компания.

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттер:

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» АҚ — аймақтық деңгейдегі желілерді пайдаланушы, сенімді, тиімді, серпінді дамып келе жатқан компания, ҚР ұлттық электр желілерінің (ҰЭЖ) түгелдігін және тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің үздіксіздігін және сапасын, акционерлер мен инвесторлардың әл-ауқатын арттыруды қолдауға бағытталған компания.

Біздің стратегиялық басымдылықтарымыз:

1) Сенімділік:

– Электрмен жабдықтау сенімділігі – біздің негізгі стратегиялық басымдылығымыз. Біз электр энергиясын беру сенімділігін қамтамасыз етуге жауапты қараймыз, өйткені бұл бүкіл елдің амандығы – ірі кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуінен әрбір үйдегі жарыққа дейін.

– Біздің жаңартылған техникалық саясатымыз қолданыстағы қуаттылықты жаңарту



және алдыңғы технологияларды енгізу есебінен пайдаланудағы жабдықтардың сенімділігін ары қарай арттыруға бағытталған.

– Қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығы, сондай-ақ бөлімшелеріміздегі өндірістік және экологиялық қауіпсіздік Компания үшін өте маңызды. Біз үнемі өндірістік қауіпсіздік және тұтынушыларды қорғау деңгейін арттырамыз, қоршаған ортаға әсерді төмендетуді қамтамасыз ететін жаңа технологияларды қолданамыз.

2) Инновациялар:

– Біз тұтынушыларды электрмен жабдықтау сапасын арттыруға үзіліссіз ұмтыламыз және ол үшін жаңа технологиялар мен жабдықтарды енгіземіз. Қазақстанның инновациялық даму мән мәтінінде электр желілерінің жаңа деңгейге – тұтынушылар және электр энергиясын өндірушілерді сенімді, сапалы және тиімді өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін, интеллектуалды электр желілері үлгісіне біртіндеп ауыстыруды жүзеге асыру жоспарлануда.

– Қазақстан электр желілерінің жағдайы экономика дамуының қарқындылығына өз әсерін тигізеді. Сондықтан да біз, энергетикалық желісінде ескірген жабдықтарды жаңарту және инновацияларды енгізу арқылы жаңа технологиялық деңгейге шығаруға ұмтыламыз.

3) Тиімділік:

– Тиімділіктің негізгі факторлары жаңа технологияларды қолдану және қызметкерлеріміздің кәсіпқойлығы болып табылады. Жабдықтарды жаңарта, басқаруды жетілдіре және еңбек өнімділігін арттыра отырып, біз сондай-ақ өз жұмысымыздың экономикалық және өндірістік тиімділігін арттырамыз.

– Бизнестің ауқымдылығы және нарықтағы монополиялық орын қаржылық орнықтылық, тұрақты өсім, тәуекелді тиімді басқару мүмкіндігі секілді салмақты артықшылықтармен қамтамасыз етеді. Компанияның операциялық тиімділігін арттыру үшін мықты жақтарымызды қолданып көрсетеміз.

– Корпоративтік басқару саласындағы ең үздік тәжірибелерді қолдануға тырысамыз. Корпоративтік басқару стандарттарын қатаң сақтау және кадрлық ресурстарға инвестициялау акционерлерімізге және қызметкерлерімізге Компанияның ортақ жетістіктеріне өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

– Акционерлік өзіндік құнды барынша көбейту бойынша стратегиялық бизнестің ауқымдылығына негізделген, ол инвестициялық бағдарлама және тұрақты сұраныс арқасында ұлғаю жалғасатын болады. Сондай-ақ, Акционерлік құнның өсуіне капитал құрылымын оңтайландыру мүмкіндік туғызады.

Компания міндеттерін орындау және қалаулы нәтижелерге қол жеткізу үшін үш стратегиялық бағыт бойынша жоспарлы даму қажет:

- 1) Аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) Акционерлік капитал құнын арттыру;
- 3) Әлеуметтік жауапкершілік.

Қоғам апатсыз жұмыспен қамтамасыз ету үшін өз жауапкершілігін мойындайды.



Аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

«ШҚ АЭК» АҚ қызметі аймақтың және толығымен Республиканың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, бұл Қазақстанның әрі қарай даму басымдылықтарының бірі болып табылады.

Осы бағыттың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) Электр энергиясын сенімді және сапалы беру мен тарату.
 - Уақтылы диагностика и жоспарлы алдын-ала жұмыстарды өткізу.
- 2) Техникамен қайта жабдықтау, аймақтағы электр желілерін қайта құру.
 - Қолданыстағы қосалқы станциялар мен электр желілерін қайта құру.
 - Жаңа қосалқы станциялар мен электр желілерінің құрылысы болып табылады.

Акционерлік капитал құнын арттыру

Электр энергетикасы нарығының табысы мол болғандықтан алдағы болашақта акционерлік капитал құнын арттыру Компанияны дамыту стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Акционерлік капитал құнын арттыру бойынша негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) Акционерлер мүдделерін қорғау:
 - Акционерге дивидендтер төлеу;
 - корпоративтік басқаруды жетілдіру.
- 2) Қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету:
 - жаңа активтер сатып алу;
 - тариф құру жүйесін жетілдіруге қатысу;
 - шығындарды оңтайландыру.
- 3) Инновациялық даму:
 - Жабдықтарды және режимді (ДТБАҚ) басқару, сондай-ақ ақпаратты жинақтау және өңдеу жүйесін құру.
 - ЭКЕАЖ жүйесін дамыту және байланыс каналдарын қайта құру болып табылады.

Менеджменттің біріктірілген жүйесі

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, өнім сапасының нормативтік-техникалық құжаттама талабының сәйкестігіне кепілдік беретін құрал ретінде, сертификаттау болып табылады. Сертификаттау - нақты стандартқа немесе техникалық шартқа, өнім сапасының (қызметтер) белгілі бір талапқа сәйкестігін құжаттық растау.

Сертификаттаудың дүниежүзілік ұйымы ретінде ISO (International Organization for Standardization) стандартизациялау бойынша Халықаралық ұйым болып табылады. ISO мақсаты – қызмет бағытында және әр түрлі саладағы интеграциялық үдерістерге себепші болатын, стандартизациялау қағидаларын дамыту және оларды стандарт негізінде жобалау.

Кәсіпорында менеджменттің біріктірілген жүйесін енгізу әдетте бірнеше стандартты қосарлас немесе тізбектік тәуелсіз енгізу кезінде туындайтын, бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі. Осындай мәселелерге ұйымдастыру құрылымының жетілдірілмеуін жатқызуға болады, жүйелер арасындағы өзара байланыстың шатастырылуы, кезектеп енгізілген, қызметкерлермен және оның басшылығымен кәсіпорындағы менеджмент жүйесін жалпы түсінуінің күрделілігі.

Менеджмент жүйесін интеграциялау осы мәселелерді шешуге ғана көмектеспейді, бірқатар үдерістерді қоса атқару арқылы жүйені сертификаттауға, жұмыс істеуге, әзірлеуге



шығындарды төмендетеді (жоспарлау, басшылық тарапынан талдау, құжаттаманы басқару, оқулар, ішкі аудиттер және т.б.), сонымен бірге тұтынушылар, инвесторлар және басқа мүдделі тұлғалар үшін тиімді бірыңғай менеджмент құрылымын құрады.

Қоғам мақсаты оны тұрақты жақсарту үдерістерін қоса алғанда, менеджменттің интегралданған жүйесін тиімді қолдану арқылы тұтынушылар қанағаттануын арттыру болып табылады.

«2003-2015ж.ж. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегияларын» орындауда, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген, «ШҚ АЭК» АҚ енгізген және TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау жөніндегі органында сертификаттаған.

– 2008 жылы ISO 14001 және BS OHSAS 18001 халықаралық стандарт талабының негізінде Интегралданған басқару жүйесі;

– 2011 жылы BS OHSAS 18001 стандартының және ISO 9001, ISO 14001 халықаралық стандарты талабының негізінде Интералданған менеджмент жүйесі;

Жоғарыда аталған стандарттарды енгізудің көкейтесті болуы, электр энергиясын жеткізу және тарату бойынша (АЭЖ-лер, техникалық базалар) объектілерінде өзінің міндеттерін тікелей орындайтын, компания қызметі қызметкерлердің денсаулығы және кәсіби қауіпсіздік саласындағы тәуекелімен байланысты болады.

МБЖ нәтижелі жұмыс істеуі келесі артықшылықты береді:

– жұмысты нақты шектеу және жауапкершілік, жеке бөлімдер ретінде және осы бөлімдер ішіндегі қызметкерлер (бекітілген регламентке сәйкес);

– Қоғамның барлық құжаттамасы сәйкестендірілген және көкейтесті;

– Түзетуші әрекеттерді әзірлеумен (тәуекел оқиғасы басталғанға дейін) байланысты қызметкерлер қалыптасқан жағдайға тезірек әрекет етеді және Қоғам шығындарын азайтады.

– Қоғам қызметкерлерді тұрақты жақсарту жөніндегі қызметке тарту бойынша шараларды өткізуді бастады, бұл біліктілігін арттыруға жәрдемдесумен расталады, қызметкерлер пайдасына әлеуметтік пакетті қайта қарастыру, мансабының өсуі үшін жағдай жасау;

– тұтынушылар тарапынан арыздар мен өтініштер санының айтарлықтай қысқаруы байқалады;

– корпоративті деректер базасының құрылуымен ақпаратпен алмасу үдерісі бөлімшелер және тікелей басшылық арасында оңайлатылған.

Менеджменттің біріктірілген жүйесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру Қоғамда ұзақ әрі еңбекті көп қажет ететін үдеріс болып табылады, бірақ түбінде кәсіпорынның корпоративті менеджмент жүйесі қалыптасады, тұрақты қаржылық көрсеткішке қол жеткізу үшін бағытталған, тұтынушылар, қызметкерлер, акционерлер, жеткізушілер және жалпы қоғам мүдделері ескеріледі.

Қоғамға МБЖ енгізу олардың бәсекелесу қабілетінің өсуінің маңызды алғы шарты және нарық жағдайындағы тұрақты дамуы ретінде қарастыру қажет.

«ШҚ АЭК» АҚ жыл сайын берілген халықаралық сертификаттардың әрекетін растау үшін сыртқы аудит өтеді. Аудиттер TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау жөніндегі органымен жүргізіледі.

2016 жылы қадағалау аудиті өткен, оның нәтижесінде сертификаттардың әрекеті расталған және келесі жылға дейін созылған болатын (қолданыстағы сертификаттар 2017 жылға дейін әрекет ету мерзімімен берілген). Ауытқулар мен сәйкессіздіктер анықталмаған, итегралданған менеджмент жүйесінің нәтижелілігін жақсарту үшін 4 жағымды аспектісі белгіленген және 3 кепілдеме берілген.



2017 жылы МБЖ бойынша сыртқы резертификациялау аудитін өткізу жоспарланған.

Әлеуметтік жауапкершілік

Ұзақ мерзімді өсу барлық мүдделі тараптардың, Компанияның мүдделері есебінсіз мүмкін емес, сондықтан әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру негізгі стратегиялық бағыт болып табылады. Осы бағытта ҚР Үкіметінің және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы Қордың бастамаларын орындауға бағдарланған жұмыстар қарастырылған.

Әлеуметтік жауапкершілік бойынша қызметті іске асыру үшін Компания алдына келесі мақсаттар мен міндеттер қойылды:

- 1) Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.
 - Аймақтың әлеуметтік бағдарламаларына қатысу.
- 2) Өндірістік жарақаттануды жою.
 - Қолайлы еңбек жағдайларын жасау.
- 3) Қоршаған ортаны қорғау.
 - Экологиялық стандарттарды сақтау.
 - Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау.


10

Корпоративтік басқару



10.1. Корпоративтік басқару құрылымы

1. Жоғары орган – Жалғыз акционер – «Самұрық-Энерго» АҚ
2. Басқару органы - Директорлар кеңесі
3. Ішкі аудит қызметі
4. Корпоративті хатшы
5. Атқарушы орган – «ШҚ АЭК» АҚ Басқармасы





10.2. Директорлар кеңесінің құрамы

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 3 мамыр бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің келесі мүшелері кірді:

1. Г.Г. Салимжуаров – Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. А.Г. Кадырбаев – Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. Н.К. Утепов – тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің төрағасы Г.Г. Салимжуаровтың өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтауына байланысты, «ШҚ АЭК» АҚ жалғыз акционерімен, «Самұрық-Энерго» Директорлар кеңесінің атынан 2016 жылғы 3 мамырда (№04/16 хаттама) «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Н.Л. Тушинскийді «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі толығымен аяқталғанға дейін «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлау туралы шешім қабылданды.

Николай Леонидович Тушинский – «ШҚ АЭК» АҚ ДК Төрағасы – «Самұрық-Энерго» АҚ «ВИЭ және Тарату» Департаментінің Директоры

Асылхан Гауезканович Кадырбаев – «ШҚ АЭК» АҚ ДК мүшесі – Қазынашылық департаментінің директоры

Нурлан Каливудлович Утепов – Тәуелсіз директор, «ШҚ АЭК» АҚ ДК мүшесі.

«ШҚ АЭК» Директорлар кеңесінің 25.11.2015 жылғы шешімімен (№8 хаттама) 2016 жылға «ШҚ АЭК» Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспары бекітілді.

Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспары 19 мәселені қарастыру көзделді.

«ШҚ АЭК» Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспары 2016 жылға толық көлемде (100%) орындалды.

2016 жылы 9 отырыс өткізілді, барлық отырыстарда кворум сақталды.

Директорлар кеңесінің отырыстары жыл бойы Төрағаның, Директорлар кеңесінің мүшелерінің және «ШҚ АЭК» АҚ Басқармасы Төрағасының ұсыныстары негізінде жүргізілді.

Жыл бойы мерзімді негізде Директорлар кеңесінің отырыстарында ішкі нормативтік құжаттарды бекіту, жылдық қаржы есептемесін болжамды бекіту, тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс туралы есептерді және еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану бойынша есептерді қарастыру сынды мәселелер қарастырылды.

	2016	2015
ДК отырыстарының саны	9	9
Бетпе-бет нысанда	6	6
Сыртқы нысанда	3	3
ДК отырыстарында барлығы мәселелер қарастырылды	44	50
Жоспар бойынша	19	17
Жоспардан тыс	25	33



2016 жылға Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау

«ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарын орындау барысында 2016 жылы 9 отырыс өткізілді, олардан 6 бетпе-бет және 3 сыртқы отырыс. Қоғамның Директорлар кеңесімен материалдар қарастырылып, 44 мәселе бойынша шешімдер қабылданды, олардан жоспарлы мәселелер – 19, жоспардан тыс мәселелер – 25.

Соның ішінде, аса маңызды келесі мәселелері:

- «2015 жылға «ШҚ АЭК» АҚ біріктірілген жылдық есеп беруін бекіту туралы»;
- «ШҚ АЭК» АҚ Басқармасы Төрағасының пайдалану жөніндегі орынбасарын тағайындау туралы»;
- «ШҚ АЭК» АҚ Басқармасы Төрағасының даму жөніндегі орынбасарын тағайындау туралы»;
- «ШҚ АЭК» АҚ қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директорды тағайындау туралы»;
- «ШҚ АЭК» АҚ техникалық басқармалар жөніндегі басқарушы директорды тағайындау туралы»;
- «Шығысэнерготрейд» ЖШС Бас директорының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату және тағайындау, лауазымдық қызметінің мөлшерін, еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау туралы»;
- «ШҚ АЭК» АҚ стейкхолдерлері картасын бекіту туралы»;
- «Шығысэнерготрейд» ЖШС Қадағалау кеңесінің Төрағасының және мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату және тағайындау туралы»;
- «Түзетулер есебімен «Шығысэнерготрейд» ЖШС 2016-2020 жж. арналған Даму жоспарын бекіту туралы»;
- «2015 жылға «Шығысэнерготрейд» ЖШС жылдық қаржы есептемесін бекіту туралы»;
- «2015 жылға «ШЭТ» ЖШС жылдық есеп беруін бекіту туралы»;
- «Шығысэнерготрейд» ЖШС Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы».

«ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің барлық шешімдері толық көлемде орындалды.



ДК мүшелері туралы ақпарат



Тушинский Николай Леонидович

Директорлар Кеңесінің мүшесі

Азаматтығы:

Туған күні:

Директорлар Кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

Директорлар Кеңесінің төрағасы
Қазақстан Республикасы

22.05.1961ж.

23.11.2016ж.

1987ж. Целиноград ауылшаруашылық институты.

Білімі:

Мамандығы: Ауыл шаруашылығын электрлендіру

Біліктілігі: инженер-электрик.

Ұйымдардағы атқарған лауазымы және жұмыс орны:

2016ж. қазіргі уақытқа дейін - «Самұрық-Энерго» АҚ: «ВИЭ және Тарату» Департаментінің директоры

2014 - 2016жж. - «Станция Экибастузская ГРЭС-2» АҚ: Басқарма Төрағасы.

2013 - 2014жж. - «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ: бас инженер, Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.

2012 - 2013жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ: Еңбекті қорғау Департаментінің директоры, Өндірістік бақылау департаменті.

2011 - 2012жж. – «К.П.Д.&К» ЖШС: техникалық директор.

2010 - 2011жж. – «Экспоинжиниринг» ЖШС бас директоры.

2009 - 2010жж. «МАНЫЗ» ЖШС бас директорының орынбасары.

2006 - 2008жж. - «Самұрық мемлекеттік активтерін басқару бойынша қазақстандық холдинг» АҚ: топтың бас сарапшысы.

1996 - 2006жж. – «Қазақстанэнерго» НЭС Ақмола жүйеаралық электр желілері филиалы:

ҚС бастығы, ҚС қызметінің бастығы, бас инженер орынбасары, бас инженер, Даму департаменті техникалық бөлім бастығының орынбасары

1987 - 1996жж. – Шығыс электр желілер кәсіпорны: электромонтерден, аға шеберден қосалқы станция бастығына дейін еңбек жолынан өткен.



Директорлар Кеңесінің мүшесі:

Туған күні: 29.06.1976ж.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар Кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні: 03.07.2015жыл

Кадырбаев Асылхан Гауезканович

Білімі

Қазақ тұтынушылар кооперация институты
Қарағанды қ.

Есеп-қаржылық факультеті (1993-1997ж.ж.)

Мамандығы: «Қаржы және кредит».

Біліктілігі – экономист.

Қарағанды Экономикалық университеті

Қазтұтодағы Аспирантура Қарағанды қ.

(1998-2001ж.ж.).

Мамандығы: «Қаржылар ақша айналымы және кредит»

«Гудвилл - А» ЖШС (2007ж.) – Қаржылық есеп-1

«Гудвилл - А» ЖШС (2007ж.) – Басқармалы есеп -1

«Есеп» ЖШС (2008ж.) – салық және құқық -1

«Фор-Экспо Казахстан» ЖШС (2009ж.)

- «Самұрық-Қазына» Корпоративті университет қазакстандық компанияларда тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу тәжірибесі.

- (2010ж.) - Тәуекелдерді басқару жүйесі

«Интерсертификат Қазақстан» ЖШС (2010ж.) – ISO 9001 стандартының базасында сапа менеджмент жүйесін енгізу тәжірибесі.

Norton Rose LLP (London) – (2010ж.) - IPO құрылымдау және қаржыландыру.

Hock Trading – (2014ж.) – Ішкі аудит негіздері (CIA бағдарламасы).

Біліктілігін көтеру курсы, семинарлар, машықтанулар



Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания

«Самұрық-Энерго» АҚ холдингінің құрамындағы акционерлік қоғам

Ұйымдардағы атқарған лауазымы және жұмыс орны:

2016ж. – «Самұрық-Энерго» АҚ қазіргі уақытта Астана қ.

2013-2015ж.ж. Қаржы бақылаушысы, «Самұрық-Энерго» АҚ Қаржы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Қазынашылық департаментінің директоры.

2012-2013ж.ж. – Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментінің директоры.

2012-2012ж.ж. – Стратегиялар және корпоративті басқару департаментінің бас менеджері, Тәуекелдерді басқару департаменті директорының м.а.

2011-2012ж.ж. – Корпоративті қаржыландыру департаменті директорының м.а.

2010-2011ж.ж. – Қазынашылық департаменті директорының м.а.

2009-2010ж.ж. – Бизнес-процесстерін автоматтандыру және әдіснама департаменті директорының м.а.

2009-2009ж.ж. – «Отын-энергетикалық кешен Батыс» ЖШС, Ақтобе қ., бас бухгалтер.

2008-2009ж.ж. – «Отын-энергетикалық кешен Батыс» ЖШС, Ақтобе қ. Қаржы директоры.

2008-2008ж.ж. – «Mercury Service Company» ЖШС, Алматы қ. Қаржы аналитигі.

2007-2008ж.ж. – «Лад Комир» ЖШС, Қарағанды қ. Қаржы және экомика жөніндегі директорының орынбасары.

2006 – 2007ж.ж. – «Гефест» көмір өнеркәсібі кәсіпорындары ассоциациясы, Қарағанды қ. бухгалтерлік есеп және бақылау департаменті директорының орынбасары.

2005-2006ж.ж. – Көп салалы гуманитарлық-техникалық университет (Қарағанды қ.) Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор.

2004 -2005ж.ж.- «Астана-финанс» АҚ Филиал Атырау қ. Несиелендіру маманы.

2003 – 2004ж.ж. – Қазтұтодағы Қарағанды экономикалық университеті «Банк ісі» кафедрасының меңгерушісі.

1997 – 2003ж.ж. – Қазтұтодағы Қарағанды экономикалық университеті Машықтанушы-оқытушы, аспирант, «Банк ісі» кафедрасының оқытушысы.



Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания

«Самұрық-Энерго» АҚ холдингінің құрамындағы акционерлік қоғам



Утенов Нурлан Каливуллович

Директорлар Кеңесінің мүшесі

«ШҚ АЭК» АҚ ДҚ мүшесі, Тәуелсіз директор.

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Туған күні:

20.02. 1972ж.

Білімі:

1987-1989ж.ж. – Одинцов атынд. Свердловск Суворов әскери училищесі Ресей, Свердловск қ.

1989-1995ж.ж. – А.Н.Туполев атынд. Казань Мемлекеттік Техникалық Университеті Ресей, Казань қ. Факультет – Ұшу аппараттары.

1996-1998ж.ж. - Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақ Менеджмент, Экономика және Болжау Институты (КИМЭП), Қазақстан, Алматы қ. Бағдармала – МВА.

2004-2007ж.ж. – Басқармалы бухгалтерлік институт IMA, АҚШ Деңгей - CFM, сертификат № 4786, басқарушылық бухгалтерлер институтының мүшесі (IMA membership).

2014ж. – Басқармалы бухгалтерлер институты IMA, США Степень- CFM, сертификат № 4786, басқармалы бухгалтерлік институт мүшесі (IMA membership) Деңгей «Сертификатталған директор» IOD.

Ұйымдардағы атқарған лауазымы және жұмыс орны:

2013ж. – «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамында Тәуелсіз директоры.

2011-2014ж.ж. – «Матен Петролиум» АҚ басқарушы директоры.

2010 – 2011ж.ж. - Қазақстан “KazEnergy” Атқарушы директоры.

2009 – 2010ж.ж. «Казгермунай» СП ЖШС Бас директордың бірінші орынбасары.

2006 – 2009ж.ж. – «Разведка Добыча «КазМунайГаз» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

2004 – 2009ж.ж. – «Разведка Добыча «КазМунайГаз» АҚ - Экономика және қаржы жөніндегі атқарушы директоры – Экономикалық талдау департаментінің



директоры - «Разведка Добыча «КазМунайГаз» АҚ.
2003-2003ж.ж. – Экономика және қаржы жөніндегі Бас
директоры орынбасарының м.а.
2003 – 2004ж.ж. – Экономикалық талдау
департаментінің директоры.
2001 – 2002ж.ж. – Бас менеджер – Департамент
директорының орынбасары.
2001 – 2001ж.ж. – Бюджеттендіру секторының
менеджері.
2000 – 2001ж.ж. – SAP/R3 бағдарламасын енгізуді
жүзеге асыру аясында Контролинг модулі
Координаторы.
1999 - 2000ж.ж. – Маман Schlumberger, Dowell
(Mexico).

10.3. Қоғам Басқармасы

Басқарма «ШҚ АЭК» АҚ-ның алқалы атқарушы органы болып табылады, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Қоғам Басқармасы басқа органдардың және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының күзiреттiлiгiне жатқызылмаған Қоғамның қызметі мәселелері жөнінде шешімдер қабылдайды.

Қоғам Басқармасы өз қызметін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын, Қоғамның Басқармасы және өзге ішкі нормативтік құжаттары туралы ережені басшылыққа алады.

Қоғам Басқармасы Қоғам Жалғыз акционерінің және Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, шақыру және оның отырыстарын өткізу тәртібі, шешім қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғам Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның қызметіне басшылық етеді, сондай-ақ, Қоғам Жарғысымен белгіленген функцияларды іске асырады. Басқарма мүшелері Қоғамның қызметкерлері болып табылады, Қоғам Басқармасының мүшесі өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті кәсіптік біліктілікке ие болуы тиіс. Басқарманың комитеттері жоқ.

«ШҚ АЭК» АҚ басқармасының құрамы

«ШҚ АЭК» АҚ Басқармасының Төрағасы Киркинбаев Ерлан Амантаевич.

Басқарма Төрағасының даму жөніндегі орынбасары Кабдуллин Данабек Нурланбекович.

Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры Поляков Арсений Александрович.



Басқарма мүшелері туралы ақпарат

Басқарма Төрағасы **Киркинбаев Ерлан Амантаевич**



Туған күні: 04.05.1965ж.

Білімі

1983-1987жж. «В.И.Ленин атынд,
Қазақ политехникалық
институты»,
Мамандығы: «Машина
құрылыстехнологиясы,
металтілгіш»,
Біліктілігі: инженер-механик;
2003-2005жж. «Халықаралық
бизнес университеті»,
Мамандығы: «Ұйымдар
менеджменті»,
Біліктілігі: менеджер.

**Ұйымдардағы атқарған
лауазымы және жұмыс орны:**

2016ж. 25 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін -
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық
компания» АҚ Басқармасының Төрағасы.
2014ж. шілде - 2016ж. 4 сәуір – «Маңғыстау тарату
электр желілік компания» АҚ, Басқарма Төрағасы.
2009ж.-2014ж. шілде – «Алатау Жарық Компаниясы»
АҚ, Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры,
Қаланың тарату желілері бойынша басқарма бастығы.
2005 – 2009жж. – АПК АҚ Алматы қ. Қаланың тарату
желілері бойынша департаментінің директоры,
аудандық электр желісінің бастығы, АЭЖ-7 өткізу
бойынша бастығының орынбасары, Талғар АЭЖ
бастығының орынбасары.
2002 – 2004жж. – «КазТрансОйл» ЖАҚ МНУ Батыс
филиалы.
Жалпы мәселелер жөніндегі бастықтың орынбасары.
1991 – 2002жж. – Коммерциялық ұйымдардағы
жұмыстар.
1990ж. – ВЛКСМ, Алматы шет тілдері педагогикалық
институты комитетінің хатшысы.
1987 – 1990жж. Қызылту өндірістік бірлестік,
инженер-технолог.



Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания

«Самұрық-Энерго» АҚ холдингінің құрамындағы акционерлік қоғам



**Басқарма Төрағасының
даму жөніндегі орынбасары**

Туған күні:

Білімі:

**Кабдуллин Данабек
Нурланбекович**

06.12.1980ж.

2003ж. Новосібір гуманитарлық институты мамандығы «Құқықтану», біліктілік: құқықтану бакалавры

2013ж. «Электротехникалық колледж» КМҚК
Мамандығы: «Электр және электромеханикалық жабдықтар»,
Біліктілігі: «Электр жабдықтары және күштік желілер бойынша электромонтажник».

**Ұйымдардағы
атқарған лауазымы
және жұмыс орны:**

2016ж. мамыр - 2016ж. тамыз Даму жөніндегі басқарушы директордың міндетін атқарушы.

2015ж. маусым - 2016ж. мамыр Абай Аймағы директорының орынбасары, «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» АҚ.

2014ж. ақпан - 2015ж. сәуір «Aias Group» ЖШС директоры.

2011ж. қаңтар - сәуір бойынша «Каз Восток Лес Trade».

«Каз Восток Лес Trade» ЖШС Директор орынбасары.

2010ж. наурыз - 2010ж. қыркүйек «ШҚО бойынша ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі фармацевтикалық қызмет және медициналық бақылау комитетінің Департаменті» ММ аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау бөлімінің жетекші маманы».

2010ж. қаңтар - 2010ж. наурыз «ЕСО Air» ЖШС инженер-эколог



Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания

«Самұрық-Энерго» АҚ холдингінің құрамындағы акционерлік қоғам



**Қамтамасыз ету жөніндегі
басқарушы директоры**

**Поляков
Александрович**

Арсений

Туған күні:

23.05.1987ж.

Білімі:

2008ж. Қазақ Американдық университеті

Мамандығы: «Халықаралық қатынастар».

2015ж. Алматы энергетика және байланыс университеті «Электроэнергетика».

**Ұйымдардағы атқарған
лауазымы және жұмыс
орны:**

23.12.2015 ж. - қазіргі уақытқа дейін Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры

2011–2015 ж.ж. «Алматы электр станциялары» АҚ, Сатып алу басқармасының бастығы

2010-2011 ж.ж. «Алматы электр станциялары» АҚ, Сатып алу басқармасының қызметтер және жұмыстарды сатып алулар бойынша бөлім бастығы

2009-2010 ж.ж. «Алматы электр станциялары» АҚ, Сатып алу басқармасының жетекші экономисі.



10.4. Басқарма қызметі туралы есеп

2016 жылы Басқарма 15 отырыс өткізді, олардың ішінде «ШҚ АЭК» АҚ қызметіне қатысты келесі мәселелер қарастырылды:

1. «ШҚ АЭК» АҚ штаттық кестесін мақұлдау туралы».
2. «Жаңа Еңбек шартының жобасын бекіту туралы».
3. «Құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктеу туралы (шарттар, Орындалған жұмыстар актілері), бағыттар бойынша».
4. «Банк-контрагенті теңгерім бойынша немесе теңгерімнен тыс міндеттемелер бойынша лимиттер белгілеу туралы».
5. «Самұрық-Энерго» АҚ-нан қайтарылатын қаржы көмегі туралы шартын жасасу туралы шешім қабылдау туралы» мәмілелер, оның жасалуына «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» АҚ-ның мүдделілігі бар».
6. «Кассир бухгалтер лауазымын қатар атқарғаны үшін, еңбекақыны есептеумен байланысты және есеп беретін адамның есеп айырысуымен байланысты».
